


*Пән: «ҰЖЫМДЫҚ МУЗЫКАЛЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ»
(ХОР СЫНЫБЫ МЕН ХОРМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ ПРАКТИКУМЫ,*

ОРКЕСТР) 2-ДЕҢГЕЙ

Топ:МО-31

Студент: Есенова Асия

25.12.2020ж



- **Құрманғазы Сағырбаев** - ұлы күйші, композитор. 1823 жылы кедей – шаруа отбасында дүниеге келді. Әкесі Сағырбай он екі ата Байұлының ішіндегі Қызылқұрт руынан шықан. Құрманғазы жастайынан халық әндері мен күйлерін тындап өсті. Оның әкесі - Сағырбайға баласының музыкаға деген қабілеті оншалық әсер етпейді. Бірақ шешесі Алқа Құрманғазының бұл талабына Сағырбайдан гөрі өзгеше көңіл қояды. Жасы оннан асқанда Шағбаланың ауылына әйгілі домбырашы Ұзақ келеді. Жас Құрманғазының домбырада күй тартуын ұнатқан Ұзақ қарт, оған домбыра тарту өнерінен біршама сабақ береді. Бұл кездесу Құрманғазы үшін өмір жолын анықтаудағы маңызы зор оқиға болады. Ол он алты жасынан бастап туған аулынан кетіп, күй тартып, ел аралай бастайды. Үнемі ат үстінде жүріп, әйгілі күйшілермен кездесіп, өз өнерін одан әрі жетілдіре түседі. Осындай күндердің бірінде Құрманғазы өзіне бата берген Ұзақ қартпен тағы кездеседі. Онымен бірге ауылдарды аралап, көптеген күй тартыстарға қатыса жүріп, елге атағы шығады. **Күйшінің шығармашылық табыстарға қол жеткізіп, өрлеуіне Бөкей ордасының Байжұма, Баламайсан, Байбақты, Соқыр Есжан** сынды атақты күйшілері үлкен ықпал еткен. Олардан тәлім алып өскен Құрманғазы қазақ халқының ұлы сазгері атанды.

ҚҰРМАНҒАЗЫ САҒЫРБАЕВ



- Құрманғазының ғұмыр кешкен уақыты, әсіресе оң солын танып, өмір-тіршілікке белсене араласа бастаған кезі мейлінше күрделі еді. Бұл кезең патшалық Ресей жүргізген отаршыл саясаттың ең бір қарқын алған, әбден құныққан, шектен шыға басынған кезі болатын. Қашанда ел басына келген нәубеттің ауырлық тауқыметі ең алдымен еңсесі биік ерлердің иығына түсетін әдеті. Замана зобалаңы Құрманғазыны да от-жалынымен шарпып бағады. Оның «Түрмеден қашқан», «Кісен ашқан», «Ертен кетем», «Бозқанғыр», «Пәбескі», «Терезеден-есіктен», «Бозшолақ», «Бұктым-бұктым», «Не кричи, не шуми», «Арба сокқан», «Аман бол, шешем, аман бол», «Қайран шешем» сияқты күйлері замана басқа салған зобалаңның бір-бір бекеті сияқты. Ол қатал тағдырдың кез келген талқысына өнерімен жауап беріп, өнерімен белгі қалдырып отырған.
- Құрманғазы өмірге ғашық күйші. Тіршіліктің нұрлы сәттеріне ол балаша қуанып, қалтқысыз сезімге бөлене алады. Оның «Қызыл қайың», «Ақжелен», «Адай», «Сарыарқа», «Балбырауын», «Серпер», «Назым», «Балқаймақ», «Бұлбұлдың құрғыры», «Ақсақ киік», «Төремұрат», «Қуаныш» сияқты күйлері өмірге іңкәр жанның жүрек лүпілі сияқты.



- Бүкіл әлемге белгілі «Адай» күйі туралы айтайық. Әрине, әуелі ұлы Ахаңа, академик Ахмет Жұбановқа жүгінеміз ғой. Ол былай дейді: «...Адай руы Исатай көтерілісінде көзге түскен болатын... Исатайға қосылған қолдың ішінде адайлықтар көп еді... Мұрағат деректеріне қарағанда, Адай округы Ұлы Октябрь революциясына шейін Түркістан генерал-губернаторлығының ерекше бақылауында болып, «Бөгде аймақ» («Полоса отчуждения») атанып келді. Ал осы аймақта үнемі толқу, наразылықтар болып келіп, оның аяғы... патшалыққа қарсы күрестермен ұштасты. Біздіңше, Құрманғазы Адай руы атын жалпыланған ұғымда алып, еркіндік сүйген елінің қайтпас күшіне арнап шығарған болуы керек».
- 1870 жылы түбекте орыс саясатына қарсы Иса-Досан көтерілісі бұрқ етті. Қарапайым шаруалар патшаның мұздай қаруланған жүз шамалы жазалаушы әскерін тосыннан қырып салды. Сосын Форт Александровск қамалына шабуыл жасады. Маңғыстаулықтардың осындай қажырлы күш-жігері ұлы күйшінің шығармасына, Ахаңның айтқанына қосымша арқау болды деп ойлаймыз. Оның үстіне өзі келген сайын мінәжат ететін бүкіл мұсылман дүниесіне белгілі Пір Бекеттің ұлы рухы да Құрманғазыға әсер етпей қойған жоқ.
- Міне, сөйтіп, Қазақ деген қаһарман елдің қайсар бір ұлысына арналған «Адай» күйі Құрманғазының көкірегінде осындайдан туындады деп айтуымызға әбден болады.

«АДАЙ» КҮЙІНІҢ ШЫҒУ ТАРИХЫ



- Домбырашы Қали Жантілеуов 1934 жылы Алматы қаласында кәсіби сахнада «Адай» күйін алғаш рет орындаған.
- 1935 жылы Лұқпан Мұхитов орындауында күйтабаққа жазылып, ол «Амангелді» көркем фильмінде пайдаланылды; ал композитор Ахмет Жұбанов «Адай» күйін оркестрге түсірді. Осы күй қазіргі кезге дейін өзгеріссіз орындалып келеді.
- «Адай» күйінің екінші бір түрін өзінің домбырашылық орындау ерекшелігіне қарай кезінде Дина Нұрпейісова тартқан. Халық күйі "Адай" бұрынғы ел батырларының намысын шыңдап, жігерін қайрайтын ұран болған.



«АДАЙ» КҮЙІНІҢ НОТАСЫ

АДАЙ

Орандаушы Қали Жақтілеуов

Жылда, тегеурінді

Musical score for the first page of the piece 'Адай'. It consists of ten staves of music. The first staff begins with the tempo marking 'Жылда, тегеурінді' and the dynamic marking 'mp'. The score includes various rhythmic patterns, including eighth and sixteenth notes, and rests. There are also some performance markings like 'f' and 'p' throughout the piece.

Musical score for the second page of the piece 'Адай'. It consists of ten staves of music. The score continues with various rhythmic patterns and dynamic markings such as 'mp', 'f', and 'p'. The notation includes eighth and sixteenth notes, and rests.

Musical score for the third page of the piece 'Адай'. It consists of three staves of music. The score continues with various rhythmic patterns and dynamic markings such as 'mp', 'f', and 'p'. The notation includes eighth and sixteenth notes, and rests.

- “Адай” күйі - Құрманғазы адай ауылына келіп бір үйге келіп түскен екен. Сонда бір жас қыз домбыра шертіп отырса керек. Құрманғазы тындап отырып, күй орындалғаннан кейін: “ Шырағым, күйдің шоқтығын тартпай, боқтығын тарттың ғой, домбыраны берші” – деп, “Адай ” күйін тарта жөнелген екен.



КҮЙДІҢ ТАЛДАУЫ

Музыкалық –теориялық талдау

- Адай төкпе күй болып келеді.
- Күйдің құрамы бас буын, орта буын және саға.
- Тональдік d-moll, сағасына келген кезде a- moll тональдігіне ауысады. Бірақ негізгі тональдігі d-moll аяқталады.
- Өлшемі 4/4, кейбір жерде 2/4 өлшемі кездеседі, бірақ 1 тактан ғана.
- Ырғақ жылдам, тегеурінді.
- Фактура әуендік.

Орындаушылық талдау

- Күйдің сарынына байланысты қағысы да өзгеріп отырады: алма кезек, екі жоғары; бір төмен, үш жоғары; сағада төрт рет төмен қағысы кездеседі.
- Қарқыны жылдам.
- Фаршлактар бар.
- Шығарма tr басталып, әрі қарай дамып mf ауысады. Сағасында ff- мен ойналады да , f аяқталады.



